ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылдын 09 маусым іс №5501-25-00-2/1214 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.А. Күлбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Балалары бар әйелдерді әлеуметтік-психологиялық сауықтыру және бейімдеу Павлодар қалалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Бекжан» Бекжан Жаңыл Жәнібекқызы жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Балалары бар әйелдерді әлеуметтік-психологиялық сауықтыру және бейімдеу Павлодар қалалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Бекжан» Бекжан Жаңыл Жәнібекқызы жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Бекжан» Бекжан Жаңыл Жәнібекқызы жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Бекжан» Бекжан Жаңыл Жәнібекқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 3445 (үш мың төрт жүз қырық бес) теңге

көлемінде және мемлекеттік бажды 2070 (екі мың екі жүз) теңге, барлығы 5515 (бес мың бес жүз он бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **А.А. Күлбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кульбаева А. А., 09.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Кульбаева А. А., 15.07.2025